

№81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы
қамқоршылық кеңес отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 21.10.2021 жыл

Өткізілген орны: кітапхана

Отырыстың басталуы: 10.00

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері

Қатыспаған: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 2021-2022 оқу жылының бюджет қаражатын мақсатты жұмсауды басқару, ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша №81 «Astana English school» гимназияның бюджет қаражатын мақсатты жұмсауды басқару бойынша гимназия директоры Г.Д.Салыкова таныстырып, ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету туралы қамқоршылық кеңесте талқылауды ұсынды. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, мектепте ақылы қызмет көрсететін төмендегі қызметкерлерге, үйірме жұмыстарының жетекшілеріне, педагогтарға, оқушылардың үш мезгілдік тамақтануына, шет ел мамандарының қызметіне, сынып жетекшіден тыс тьюторларға, асхана қызметкерлеріне, шаруашылық қызметкерлеріне қосымша ақы төлеуді бекітуді ұсынды. Қосымша ақы төлеуде қызметкерлердің білімі, біліктілігі, санаты, жетістіктері және еңбек өтілі ескерілді.

1. Шет ел мамандарына - 1.500 000 (бір жарым миллион теңге);
2. Педагог қызметкерлерге - 50 000 (елу мың) - 150 000 (жүз елу мың) аралығында
3. Мектеп әкімшілігіне - 150 000 (жүз елу мың) –250 000 (екі жүз елу мың) аралығында
4. Үйірме жетекшілеріне - 60 000 (алпыс мың) – 300 000 (үш жүз мың) аралығында
5. Тьюторларға- 50.000 (елу мың) –80 000 (сексен мың) аралығында
6. Шаруашылық қызметкерлер- 50 000 (елу мың) - 100 000 (жүз мың)
7. Оқушылардың үш мезгіл тамақтануы – әр оқушыға 200 (екі мың теңге)
8. Коммуналдық қызмет ақысын төлеу
9. Мектептің материалдық – техникалық базасын жабдықтауға, әр түрлі іс – шараларға, жұмсалатын қаражаттар қарастырылу.
10. Ғимаратты ұстау және қызмет көрсету ақысы;
11. Мұғалімдерге және қызметкерлерге сыйақы беру;

12. Мұғалімдердің біліктілігін көтеру, іс- тәжірибесін алмасу мақсатында жіберілетін іс –сапар шығындарын өтеу;
13. Салық төлеу.
14. Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету, кітапхана қорын толықтыру.

Шешімі:

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектепте ақылы қызмет көрсететін барлық қызмектерлерге ұсынылған қосымша еңбекақысы бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы:

 Г.Нуртаева
 О.М.Хафиз